


Қазақстан Республикасының
Жоғары Сотының
Төрағасы Ж.К. Асанов мырзаға



Алғыс хат!

Қазақ тумысынан кез-келген берекелі іске алғысын аямаған ғой. Алғыс естіген сайын жақсы іс тындырып, қуанышымыз еселене түседі емес пе? Талғар аудандық сотының төрағасы Текетав Мақсат Нысанбайұлы осындай алғыс пен құрметке лайықты жанның бірі.

Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде аудан халқының игілігіне бөленіп отыр. Ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған қызметінде абырой-беделін атап өтпей кетуге болмас.

Сот төрағасы болып тағайындалған күннен бастап ұжым қызметкерлері мен адамдар арасындағы ынтымақты қарым - қатынастың орнауына тікелей себепкер болды.

Белсенді азаматтық ұстанымы үшін, қызметіне және халыққа деген шексіз сүйіспеншілігі үшін, сот кеңсесін көркейтудегі елеулі еңбегі үшін алғыс айтуға тұрарлық тұлға.

Бұл жылдар сот төрағасының қоғамдық және жемісті еңбегінің нағыз кемеліне келген кезең болды. Қызметіне деген сүйіспеншілігі арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларын тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келеді. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбегінде соттың нығаюына өзіндік үлесі бар.

Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет пен үлкен азаматтық қасиеттерге ие. Адал қызметтің алатын орны ерекше екені баршаға белгілі. Батырлық та, батылдық та, тапқырлық та, ақыл да бір бойынан табылады. Сот төрағасының жаны жомарт, қамқор да талапшыл басшы, аяулы әріптес ретіндегі абзал қасиеттері тәнті етпей қоймайды. Талап пен жігер жетелеген өмір өрісінде өзгелерден озып жаңаланып отыр. Аудандық сот ғимаратын кеңейтіп, азаматтарды қабылдау мен олардың сот процессін күтіп отыруына ыңғайлы жағдай жасалды.

Игі істері қашанда оңға басып, әр қадамының қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройының арта түсуі осының айғағы.

Сот төрағасын өзі басқарып отырған ұжымы және қорғаушылар ұжымы үлкенге ілтипатты іні, кішіге қамқор аға, бола білген ізгі жүректі азамат, еңбекте беделді қызметкер, қаталдығы мен әділдігі жарасқан білікті басшы ретінде үлгі тұтады.

Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басының кіршіксіздігі ұжым үшін ғана емес, өзімен қанаттас жүрген әріптестері үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз. Еліміздің сот

жүйесінің қалыптасып, нығаюына көп еңбек сіңіріп отыр. Сондай-ақ сот төрағасы мәртебелі қызметінде де күрделі істердің әділ шешілуі, судьялардың абыройы мен беделі, тұрмыстық мұқтажы қат-қабат тіршілікте ұдайы назарында да болатынын күнделікті өмірде көріп те жүрміз.

Төрағаны өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз.

Бойындағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттерінің арқасында әріптестері Сот төрағасын білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады.

Осынау игілікті істе сот төрағасының қанаты талмасын, қажыр-қайраты қашанда арта берсін!

Халықтың сенімін ақтай берсін!

Қоғамымыздың игілігі, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолындағы күрделі де жауапты қызметте бұдан былай да абырой биігінен көріне берсін.

Тынымсыз еңбек етіп, нақты істер атқарып жүрген осындай білікті соттарымыздың қатары көбейе берсін дей отырып, Талғар аудандық сотының төрағасы Текетав Мақсат Нысанбайұлына алғысымызды білдіріп, марапаттауларыңызды сұраймыз.

Алматы облысы, Талғар аудандық
заң кеңсесінің қорғаушылар атынан
меңгеруші:



Қ.Г. Айтжанов

14.11.2019 жыл.